

1994 жылды туған Атырау облысының азаматтарын 2011 жылды шақыру учаскелеріне тіркеуді өткізу туралы

Атырау облысы әкімінің 2010 жылғы 10 желтоқсандағы № 42 шешімі. Атырау облыстық Әділет департаментінде 2010 жылғы 28 желтоқсанда № 2579 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 29-бабын, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 «Әскери міндептілік және әскери қызмет туралы» Заңының 16, 17 және 44-баптарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы № 371 «Қазақстан Республикасында әскери міндептілер мен әскерге шақырушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы» қаулысын басшылыққа алып

ШЕШЕМІН:

1. Атырау облысы Қорғаныс істері жөніндегі департаментіне (бұдан әрі - Қорғаныс істері жөніндегі департаменті) (келісім бойынша) 2011 жылдың қантар-наурыз айлары ішінде Атырау облысының 1994 жылды туған, сондай-ақ, бұрын тіркеуден өтпеген жасы үлкен азаматтарды Атырау қаласы және облыс аудандарының шақыру учаскелеріне тіркеуді үйымдастырып, жүргізу үсынылсын.

2. Атырау қаласы мен аудандар әкімдері:

1) азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеуді өткізу үшін тіркеу комиссияларын құрыпсын;

2) Атырау қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасы (бұдан әрі – қорғаныс істері жөніндегі басқарма) және Атырау облысының қорғаныс істері жөніндегі аудандық бөлімдерінің (бұдан әрі – қорғаныс істері жөніндегі аудандық бөлімдері) жоспарларына сәйкес азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеуді өткізу бойынша іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етсін;

3) Қорғаныс істері жөніндегі департаменттің, қорғаныс істері жөніндегі басқарма және қорғаныс істері жөніндегі аудандық бөлімдердің өтінімдері бойынша шақыру учаскелеріне арналған орын-жаймен, медициналық және шаруашылық мүлікпен, жабдықтармен, қажетті мөлшерде медициналық және техникалық қызметкерлермен, автомобиль көлігімен және байланыс құралдарымен қамтамасыз етсін.

Шақыру учаскелеріне азаматтарды тіркеуді өткізу жөніндегі іс-шараларды орындаумен байланысты шығындарды жергілікті бюджет қарражаты есебінен жүзеге асырсын.

4) 1994 жылды туған азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеу қорытындыларын 2011 жылғы 7 сәуірге дейін Атырау қаласы мен аудандар әкімдіктерінің мәжілістерінде

қ а р а с ы н .

3. Атырау облысы Ішкі істер департаментіне (келісім бойынша) тіркеу кезеңінде шақыру учаскелерінде құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуді, белгіленген мерзімде шақыру учаскелеріне келмеген тұлғаларды іздестіруді және қорғаныс істері жөніндегі басқарма мен қорғаныс істері жөніндегі аудандық бөлімдерге жеткізу ұсынылсын.

4. Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасы:

1) Атырау қаласы мен аудандардың тіркеу жөніндегі медициналық комиссияларын жергілікті емдеу мекемелерінің тиісті дайындығы және әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері бойынша жұмыс тәжірибесі бар тәжірибелі дәрігерлермен жиынтықтауды бақылауға аласын;

2) қажеттілігіне қарай қорғаныс істері жөніндегі аудандық бөлімдердің өтінімдеріне сәйкес облыстық емдеу мекемелерінің дәрігер-мамандарын аудандарға жіберсін;

3) тіркеу барысында анықталған сырқат азаматтармен емдеу-сауықтыру жұмыстарын жүргізуді ұйымдастырысын, емдеу мекемелерінде қажетті орын санын бөлсін, сырқат шақыруушыларды есепке алу бойынша жұмысты және емдеу мекемелерінің жасөспірімдер кабинеттерінде олармен сауықтыру іс-шараларын жүргізсін.

5. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С.Қ. Аманғалиев қа жүктелсін.

6. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Б. Рысқалиев